



8-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Англия азаматтық процесінің қайнар  
көздері





1. Шет мемлекеттердегі азаматтық іс жүргізу құқығы қайнар көздерінің жалпы сипаттамасы.
2. Англияның азаматтық процесінің ішкі қайнар көздері.
3. Англия және Уэльстің азаматтық үрдісінің жекелеген қайнар көздерінің ерекшеліктері.
4. Жоғарғы Соттың рәсім мәселелеріне үндеу.
5. Соттың ажырамас юрисдикциясы туралы мәселе.

## **1. ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЙНАР КӨЗДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

АПҚ негізгі қайнар көзі — ішкі заңнама.

XX ғасырдың аяғында – XXI ғасырдың басында жаһандану процестеріне байланысты– АПҚ халықаралық-құқықтық көздерінің күрт өсуі басталады, бұл адам құқықтары, оның ішінде сот арқылы қорғау құқығы және Халықаралық экономикалық құқық саласының қарқынды дамуынан туындаған. Ең алдымен бұл сот ісін жүргізуді реттеуге байланысты халықаралық шарттарға қатысты.

Нәтижесінде, кез келген мемлекеттің АПҚ көздері бүгінде ішкі-құқықтық ғана емес, сонымен қатар халықаралық-құқықтық дереккөздерді де қамтиды.

### **Мемлекеттің азаматтық процесінің қайнар көздері:**

- 1) Халықаралық-құқықтық көздер;
- 2) Ішкі-құқықтық көздер.

### **АПҚ ішкі қайнар көздері:**

1) Сот құрылысының негіздері туралы конституциялық-құқықтық актілер және сот ісін жүргізудің іргелі қағидаттары (адам құқығы, Сот тәуелсіздігі принципі және т. б.).

2) Сот төрелігі органдарының құрылымы мен құзыретін реттейтін сот құрылысы туралы заңдар. Англияда, мысалы, бұл Жоғарғы Сот, графтық соттар, магистраттық соттар туралы заңдар.

3) Іс жүргізу нормаларының басты бөлігін құрайтын нормативтік-құқықтық актілер:

- құрылымдық құқық жүйесінде – бұл әдетте, АПҚ болып табылады;
- жалпы құқық жүйесінде- табысталған заңнама актілері болып табылатын сот өндірісінің ережелері (мысалы, Англияда бұл 1998 ж. АСЕ).

4) Азаматтық процестің жекелеген институттарына, мысалы, сот баждарын есептеу тәртібіне, банкроттық туралы істерді қарау рәсіміне, оңайлатылған сот рәсімдеріне, адвокаттардың мәртебесіне, жалпы құқық елдерінде дәлелдеу мәселелеріне арналған нормативтік - құқықтық актілер.

5) Материалдық-құқықтық актілерде (көбінесе салалық кодекстерде) бекітілген толығымен азаматтық процеспен емес, тек істердің жекелеген түрлеріне байланысты қатынастарды реттейтін нормалар (мысалы, қатынастардың нақты саласынан туындайтын даулардың ведомстволық бағыныштылығы мен соттылығы туралы; Азаматтық өндіріс қозғауға құқығы бар субъектілер шеңбері туралы).

### **АПҚ халықаралық-құқықтық қайнар көздері:**

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 ж.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция 1950 ж. (Бұл екі конвенция сот өндірісінің жалпы танылған қағидаттарын бекітеді).

Азаматтық іс жүргізу мәселелері жөніндегі Гаага Конвенциясы 1954 ж. (қатысушы мемлекеттер саны ең көп конвенция).

Азаматтық және сауда істері бойынша сот және соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы Гаага Конвенциясы 1965 ж.

Азаматтық және сауда істері бойынша шетелде дәлелдемелер жинау туралы Гаага Конвенциясы 1970 ж.

ЕО құру туралы шарт (Мемлекет соттарының ЕО құқығын түсіндіру бойынша ЕО сотының алдын ала шешім қабылдау рәсімін қозғау тәртібі анықталады (234-бап).

Азаматтық және сауда істері жөніндегі шешімдердің соттылығы және орындалуы туралы Брюссель конвенциясы 1968 ж.

Азаматтық және сауда істері жөніндегі шешімдердің соттылығы және орындалуы туралы Луганск



конвенциясы 1988 ж.

Дәрменсіздік туралы ЕО конвенциясы 1995 ж.

Соттылығы және неке істері жөніндегі шешімдерді тану және орындау туралы ЕО конвенциясы 1998 ж.

Шетелдік құқық туралы ақпарат туралы ЕО конвенциясы 1968 ж.

ЕО – ға мүше мемлекеттерде азаматтық және сауда істері бойынша сот және соттан тыс құжаттарды тапсыру туралы ЕО конвенциясы 1997 ж.

Мемлекеттің өзге де көп жақты және екі жақты шарттары.

Егер бір мемлекетте халықаралық келісімдер тікелей қолданылатын болса, басқаларында (мысалы, Англияда) олардың нормалары ұлттық заңнамаға имплементациялауды талап ететінін ескеру қажет.

Мемлекеттердің Азаматтық процестік құқығы (АПК) жазылмаған нысанда да (судья құқығы ретінде), яғни сот қызметінде әзірленген және қолданылатын ережелер нысанында да әрекет етеді.

Континенттік құқықтық жүйелерде жазылмаған (соттық) құқық, әдетте, құқықтың қайнар көзі болып танылмайды. Әрі кетсе ол орын алған оқиқылықтарды толтыру мақсатында жазбалы нормаларды түсіндірме ретінде дәрежеленеді.

Ағылшын-американдық құқықта жазылмаған (соттық) құқық прецеденттер жүйесі ретінде әрекет етеді.

Екі құқық жүйесінде де судьяларға тәжірибесінде қалыптасқан ережелерді орындау міндеті жүктелген.

Бұл міндеттің континенттік жүйедегі көрінісі — сот тәжірибесіне өзгерістер енгізу туралы ерекше рәсімдік нормалардың болуы.

Жалпы құқық жүйесіндегі бұл міндеттің көрінісі – «stare decisis» қағидатының болуы (судьяның ұқсас құқықтық проблемаға қатысты жоғары тұрған соттың қабылданған шешіміне тәуелді болуы).

Ағылшын-американ жүйесінде жоғары құқықтық күші бар қайнар көздер ретінде нормативтік-құқықтық актілердің (статуттардың) мағынасына қарамастан, прецеденттер «*ex specialis*» ретінде қолданыста басымдыққа ие болады және процестік қатынастарды реттеудің тікелей қайнар көзі болып табылады.

Ағылшын-американ құқық жүйесінің маңызды ерекшелігі — прецеденттік құқықтың интернационалдық сипаты, өзге прецеденттерді қабылдау мүмкіндігі, яғни судья шетелдік сот шешімінде орын алған норманы оның дәлелді болуы жағдайында қолдануға құқылы.

## 2. АНГЛИЯНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІНІҢ ІШКІ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

АПК қайнар көздері жүйесінің ерекшеліктері:

1) Англия, Шотландия және Солтүстік Ирландияда АПК қайнар көздері әртүрлі: олардың барлығы Ұлыбритания құрамына кіруіне қарамастан.

2) Жазба құқықтың қайнар көздері қатарында табысталған заңнама актілері басымдыққа ие, яғни арнайы органмен дайындалған сот өндірісінің ережелері (1997 жылғы Заң бойынша Парламентпен табысталған өкілеттіктер негізінде Азаматтық сот өндірісі жөніндегі Комитетпен даярланған): Мәселен, Парламент статуттарының рөлі төмен: олардың азаматтық істерді қарау рәсімдерін реттеуі ішінара (фрагменттік) болып табылады, іс жүргізу нормаларымен қатар материалдық нормаларды да қамтитын актілердің көпшілігі аралас сипатқа ие.

3) Заң техникасының күрделілігі заңнаманың жағымсыз белгілері: шектен тыс ауқымдылық, ішкі келіспеушілік, казуистикалық сипаты, жалпы ережелерден 1-ші, 2-ші, тіпті, 3-ші кезектегі ерекшеліктердің болуы; басқа актілерге көптеген сілтемелердің орын алуы; сондай-ақ тым ауқымды анықтамалардың болуы.

4) Сот прецеденттері іс жүргізу қатынастарын реттеудің тікелей қайнар көзі болып қалуда. Нормативтік актілердің маңызы судьялардың заңды түсіндіру міндетіне байланысты азаяды.

5) Прецеденттердің басты функциясын өзгерту, енді бұл жаңа нормаларды қалыптастыру емес, оларды түсіндіру.

### Англия мен Уэльстің азаматтық процесінің нормативтік-құқықтық көздері:

1) Конституцияның болмауына байланысты оның рөлін бірқатар негізін қалаушы статуттардың атқаруы:

Сот төрелігінің негізгі қағидаттары конституциялық сипаттағы мынадай актілерде бекітілген:

- 1215 ж. Бостандықтардың Ұлы Хартиясы;

- 1628 ж. Құқық туралы Петиция ;

- 1679 ж. Жеке адамға қол сұғылмау туралы заң;

- 1688 ж. Құқықтар туралы Билль;



- 1998 ж. Адам құқықтары туралы заң;

2) Сот жүйесінің әртүрлі буындарының юрисдикциясы анықталатын сот құрылысы туралы заңнамалық актілер:

- 2005 жылғы конституциялық реформа туралы заң;
- 1981 жылғы Жоғарғы Сот туралы заң;
- 1984 жылғы графтық соттары туралы заң;
- 1980 жылғы магистраттық соттар туралы заң;

3) 1990 жылғы Соттар және құқықтық қызмет көрсету туралы заң: сот төрелігінің қолжетімділігін күшейтетін халыққа құқықтық қызмет көрсету саласындағы нормаларды бекітті.

4) 1974 жылғы Алқабилер туралы заң: алқабилердің сот өндірісіне қатысуы үшін қойылатын талаптарды орнатты.

5) 1968, 1972, 1995 ж. дәлелдер туралы заңдар: негізінен, қолданылатын дәлелдемелерге жол беру ережелерін реттейді.

6) 1969 жылғы Отбасы құқығының реформасы туралы заң

7) 1974 жылғы Солиситорлар туралы заң: соттағы заңды өкілдікті реттейді.

8) Сот төрелігін жүзеге асыру туралы заңдар (1969, 1970, 1973 жж.): ішкі жүйесіздікпен сипатталатын және сот құрылысы мен сот өндірісі мәселелеріне қатысты жиі бір-бірімен байланысы жоқ нормалардың конгломераты болып табылатын құқықтың қайнар көздері.

9) 1999 жылғы Сот төрелігі органдарына қол жеткізу туралы Заң: Жағдайы төмен азаматтарға құқықтық көмек көрсету мәселелерін реттеді.

10) 1998 жылғы Азаматтық сот өндірісінің ережелері (1999 ж. 26 сәуірде күшіне енді): АСЕ: 1) 1965ж. Жоғарғы Сот ережелерін және 1981 ж. графтар соты ережелерін алмастырды; 2) азаматтық істерді қарау рәсімін біріздендірді (унификациялады).

11) Істердің жекелеген санаттарын қарау ережесі: - 1949 жылғы компанияларды тарату туралы; - 1952 жылғы Банкроттық туралы; - 1954 жылғы өсиеттер жөніндегі даусыз істер туралы; - 1973 жылғы Отбасылық істер туралы.

12) 1991 жылғы Лорд-канцлердің Жоғарғы Сот төрелігі Сотының және графтық соттарының юрисдикциясы туралы қаулысы.

13) 1999 жылғы Жоғарғы Сот пен графтық соттарының баждары туралы лорд-канцлер қаулысы.

### **Азаматтық процеске енгізілген 1998 жылғы АСЕ-тың ең маңызды өзгерістері (200-ге жуық өзгеріс):**

- азаматтық істерді қарау ережелерін біріздендіру;
- бірыңғай талап нысанын енгізу: claim form (бұрын 4 талап нысаны болған);
- соттың белсенділігін күшейту: сот енді түсініктеме беруге және аралық қаулылар қабылдауға құқылы;
- сот өндірісінің әртүрлі нұсқаларын енгізу: талап қою бағасы аз (5 000 фунтқа дейін) және жеделдетілген өндіріс кезінде (15 000 фунтқа дейін);
- істі дайындау отырысы және адвокаттарға сырттай сұрау салу түрінде дайындаудың ерекше нысанын енгізу;
- соттан тыс рәсімдерді, дауды делдалдық және төрелік арқылы шешудің балама тәсілдерін кеңінен қолдану;
- терминологияны өзгерту.

Реттелетін мәселелердің ауқымдылығы және олардың маңыздылығы бойынша 1998 ж. АСЕ Кодекске теңестіруге болады.

### **Ағылшын азаматтық процесінің басты қайнар көздерінің бірі-сот прецеденті.**

**Прецеденттердің мысалдары:**

**Прецедент 1**



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Англия азаматтық процесінің қайнар көздері

Лордтар палатасының сот шешімінде тұжырымдалған жас балалардан мәліметтер алу мүмкіндігі туралы Прецедент (1779 ж): осы шешімге сәйкес, егер бала анттың мағынасын және жалған ақпараттың рұқсат етілмеуін түсіну қабілетіне ие болса, сотта баланың айғақтарына жол беріледі.

### **Прецедент 2**

1802 жылғы Прецедент жазбаша және заттай дәлелдемелерді шектейді және жазбаша дәлелдемеде ең бастысы — мәтіннің мазмұны, ал заттай дәлелдемеде — заттың белгілі бір сипаты екендігін белгілейді.

Мысалы, егер іс үшін қайтыс болған адамның өмір сүру және қайтыс болу күндері туралы мәлімет маңызды болса, бейіт үстіндегі ескерткіш жазбаша дәлел ретінде сараланады.

Сол ескерткіш, егер іс үшін оның физикалық-химиялық сипаттамалары - биіктігі, салмағы, құрамы және т. б. маңызды болса, заттай дәлел ретінде сараланады.

Англияның азаматтық процесінің дара қайнар көзі-құқықтық әдет-ғұрыптар (жалпы, сауда, жергілікті). Көбінесе құқықтық әдет-ғұрыптар сауда мақсатында теңізде жүзу және коммерциялық іс саласында қолданылады (мысалы, «Инкотермс» – халықаралық сауда терминдерін түсіндіру ережелері).

## **3. АНГЛИЯ МЕН УЭЛЬСТІҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАЙНАР КӨЗДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Заңнама Англия мен Уэльс құқығының жалпы қайнар көзі ретінде және азаматтық процестің қайнар көзі ретінде бастапқы (Парламент актілері - статуттар) және табысталған болып бөлінеді (іс жүзінде бұл заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер). Мысалы, 1998 ж. АСЕ табысталған заңнама актісі, яғни заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт болып табылады.

Англия мен Уэльстің азаматтық процесінің қайнар көздері ретінде практикалық нұсқаулар (ПН) да қарастырылады. Н. Эндрюс оларды «практикалық мәлімдемелер» немесе «практикалық ескертпелер» деп те атайды. Оның айтуынша, іс жүзінде барлық жаңа азаматтық іс жүргізу ережелері АСЕ жүйесін жеңілдету үшін бір мезгілде енгізілген практикалық нұсқаулармен толықтырылады.

ПН мысалы ретінде Н. Эндрюс уақытша босатуға қатысты АСЕ-нің 25-бөлімін келтіреді. «Уақытша сот тыйымдары» деп аталатын ПН (25) АСЕ-ге қоса берілетін практикалық нұсқаулардың бірі болып табылады.

Мәселен, ПН (25) уақытша босатуға қатысты маңызды жалпы ережелерді ғана емес, сонымен қатар өзінің үш қосымшасында сот тыйымдары мен азаматтық іздестіру туралы қаулыларды уақытша тоқтату үшін стандартты нысандар (формалар) мен басшылық нұсқауларды қамтиды. Бұл ПН тиісті іс жүргізу нормаларын түсіндіруді ғана емес, сонымен қатар азаматтық процестің жекелеген нормаларын бекіте алатынын білдіреді.

ПН түсінік беру маңызына қарамастан, Н. Эндрюс айтуынша, АСЕ-е бағынатын практикалық нұсқаулар ағылшын заң әдебиетінде АСЕ ережелерін түсіндірудің әлсіз құралы деп аталды.

### **Сот шешімдері.**

Сот төрелігінің Үлкен сотының судьялары және Апелляциялық сот пен Біріккен Корольдіктің Жоғарғы Соты мүшелерінің міндетті шешімдерді, яғни прецеденттерді қабылдауға құқығы бар.

1998 жылғы АСЕ-ге дейін қабылданған прецеденттік шешімдерге келетін болсақ, «Biguzzi v. Rank Leisure plc» (1999) Лорд Вульф былай деді: «осы сот процесінде бастапқы судья» бұрынғы шешімдерді қарауға жұмсауға тиіс болатын уақыт саны, бұл органдарға қарау қажеттілігінің жоқтығын көрсетеді. АСЕ-ны дербес кодекске айналдырудың барлық мақсаты, бұрын шығарылған шешімдердің бұдан былай АСЕ-ні қолдануға ешқандай қатысы болмайды деген мәлімдеме жасау еді».

Н. Эндрюс айтқандай, АСЕ прецеденттік құқықты үздіксіз «тазарту» мүмкіндігін береді. Алайда, соттар құндылығы бар нәрселерді сақтай отырып, бұл процеске ақылмен келуі керек.

Дегенмен, кейбір прецеденттер өз мәнін сақтайды.

Мысалы, «Worldwide» (1998) ісі АСЕ қабылдану алдында қаралған болса да, Апелляциялық сот бұл шешімде судьялардың 1998 жылғы АСЕ жүйесінің сөзсіз жаңа шектеулерін ескергенін атап өтті. «Worldwide» (1998) ісі АСЕ күшіне енгеннен кейін шығарылған Апелляциялық сот шешімімен мақұлданған еді.

«Worldwide» (1998) ісі тіпті тіркелмеген прецеденттік құқық (яғни, ресми құқықтық құжаттарда хабарланбаған прецеденттер) жетекші мәртебеге ие екендігін көрсетеді.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Англия азаматтық процесінің қайнар көздері

Сонымен қатар, «Michael Phillips Architects v. Riklin» (2010) судья Akenhead ACE-ге дейінгі прецеденттік құқық шығындарды қамтамасыз ету жағынан өзекті болып қалатынын атап өтті, өйткені сот талқылауы барысында әртүрлі факторлар анықталады және шешім қабылдау кезінде сот оларды қарастыруы тиіс. Ал (2012) «Адамс Фордка қарсы» істегі Апелляциялық сот клиенттің рұқсатынсыз сот талқылауының басталуын реттейтін қағидаттардағы сабақтастықты атап өтті.

#### 4. ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ РӘСІМ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ЖҮГІНУІ

Жоғарғы Сот (бұрын Лордтар палатасы) ара-тұра практикалық және рәсімдік мәселелер бойынша пікір айтуды қаламайтынын білдіріп, бұл мәселелерді Апелляциялық соттың қарауына қалдырғанды жақсы көреді.

Бұл жөнінде профессор Н.Эндрюс өз оқулығында бірқатар беделді ағылшын судьяларының әртүрлі істерге қатысты айтылған сөздерін келтіреді (лорд Коллинздің, Лорд Уокердің, сэр Генри Бруктің, лорд Хоуптің). Бұл мамандардың сөзі бір жерден шығады: яғни, Апелляциялық соттың қарай алатын істеріне және шеше алатын мәселелеріне Жоғарғы соттың араласуы керек емес.

Профессор Н. Эндрюс, кейбір жағдайларда Жоғарғы сот белгілі бір істерді өзінің қарауына алатынын көрсетеді. Мысал ретінде ол Лордтар палатасы (СҚ Жоғарғы Сотының ізашары) «MGN v. Кэмпбелл» (2005) ісі бойынша шартты алымдар жүйесіне қатысты апелляцияны қарастырғанын келтіреді. Бұл «Mirror Group Newspapers Ltd v. Ұлыбритания» (2011) ісіндегі шешімге Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың тиіскенін де Н. Эндрюс сөз қылады.

Ал «Sammerc v. Fairclough Homes Ltd» (2012) ісінде Жоғарғы сот процесі теріс пайдалану негізінде кінә қоюмен қорғауды болдырмаудың процесітік доктринасын қарады, дейді Н.Эндрюс.

#### 5. СОТТЫҢ АЖЫРАМАС ЮРИСДИКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

«Соттың ажырамас юрисдикциясы» тұжырымдамасына байланысты рәсімдерді әзірлеу жолымен іс жүргізу ережелерін толықтыруға құқығы бар Англия мен Уэльстің сот органдары:

1. Сот төрелігінің үлкен соты;
2. Апелляциялық сот;
3. Біріккен Корольдігінің Жоғарғы соты.

Апелляциялық сот «жасырын» не «болжамды» юрисдикцияға ие. «Ажырамас юрисдикция» жиі қолданылса да, кейде соттар осы «процестік теңдіктің» қайнар көзіне жүгінбестен, мәселені шешуден тартынды. Мәселен, Н.Эндрюс Жоғарғы сот «Summers v. Fairclough Homes Ltd» (2012) ісінде соттың ішкі юрисдикциясына жүгінбей, ACE (ПГС) ережесін таңдауға ұйғарғанын мысал ретінде келтіреді.

Соттың ажырамас юрисдикциясы «тұжырымдамасының маңыздылығын көрсете отырып, «Гроббела арv. News Group Newspapers Ltd» ісінде (2002) Лорд Бингхэм сэр Джек Джейкобаның келесі классикалық анықтамасын мақұлдады»:

«Соттың ажырамас юрисдикциясы, атап айтқанда, заңсыз қысым көрсетуді болдырмау, тараптар арасындағы әділдікті қамтамасыз ету және олардың арасындағы әділ сот талқылауын қамтамасыз ету үшін тиісті құқықтық процедураның сақталуын қамтамасыз ету үшін соттың пайдалана алатын резерві немесе өкілеттік қоры, әділдік қажет болған жағдайда өкілеттіктің қалдық көзі ретінде анықтала алады».

(Мұнда халықаралық құқық доктринасындағы халықаралық ұйымдардың «имманенттік» құзыреті тұжырымдамасымен белгілі бір ұқсастық жүргізуге болады).

Алайда, Н.Эндрюс атап өткендей, «жалпы құқықтың» сот өндірісі жүйесінің негізін құрайтын негіз қалаушы процесітік қағидаттарға немесе құндылықтарға нұқсан келтіру немесе қайшы келтіру үшін «ажырамас юрисдикцияның» икемді құралын пайдаланбауға тиіс.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Andrews N. «English Civil Procedure». - Oxford University Press, 2003.
2. Кудрявцева Е.В. «Гражданское судопроизводство Англии». - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
3. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
4. Елисеев Н. Г. «Гражданское процессуальное право зарубежных стран. Источники, судоустройство,



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)  
Дәріс: Англия азаматтық процесінің қайнар көздері

---

- подсудность». - М., 2000. С. 18–22.  
5. Богдановская И. Ю. «Прецедентное право». - М., 1993.